

"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы N 413-ІІ заңы

"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N№24, 435-құжат; 2001 ж., N№21-22, 286-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

2 2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде" деген сөздерден кейінгі "және" деген шылау алып тасталып, "үтір" тыныс белгісімен толықтырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігінде" деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті